

12016
3017к

Гүлзия Пірәлі
Талатбек Әкім



**МҰХТАР ӘҮЕЗОВ.
КІТАПХАНА**

Гүлзия ПІРӘЛІ
Талатбек ӘКІМ

МұХТАР ӘУЕЗОВ.
КИТАПХАНА
(жазушы мұражайындағы
кітаптар әлемі)



АЛМАТЫ
«ДӘСТҮР»
2016

**ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5 каз)**

П 95

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және онер саласындағы бәсекелестікті жогарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насиҳаттау және мұрагат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды тұрларін басып шығару» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді»

**Қалижанов У.Қ (Жауапты редактор).
Қонаев,Д.А. (Жауапты шығарушы).**

Мұражайдагы М.Әуезов кітапханасы, оның құрамы, жүйеленуі, ерекше мұжигаптеп оқыған басылымдарындағы белгілерді аныктап, баспаға дайындағандар: «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Пірәлі Г.Ж. Араб, латын тіліндегі мәтіндердің көзіндең әріптен түсірген мұрагаттанушы, филология ғылымдарының кандидаты Т. Әкім.

Пікір жазған: филология ғылымдарының кандидаты, доцент С.Қорабай.

Пірәлі Г.

П 95 Мұхтар Әуезов. Кітапхана: Жазушы мұражайындағы кітаптар алемі. Г. Пірәлі, Т. Әкім. – Алматы: «Каратай КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016.– 384 б.

ISBN 978-601-7505-19-6

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің кітапханасы қазақ әдебиеттану ғылымы мен библиографиясында, кітаптану ісінде тұрғыш рет жүйеленіп, зерттеліп, бір ізге түсіріліп, жарық көріп отыр. Кітапта М.Әуезовтің жеке кітапханасының қоры мен әрбір кітапқа түсірілген белгілер анықталып, бүкіл басылымдар тізімінің библиографиялық сипаттамасы жасалынды. Терінде тарихи тұлғалардың кітапханасындағы кітаптар, басқа да ақпараттық мәні бар басылымдардың толық тізбесін болек басып шығару үрдісі әлемдік тәжірибеде барыштық болғанмен ұлттық әдебиеттануда алғашқы рет жүйеленіп отырғандықтан бұл еңбек құнды дүниe болмақ. Кітапта суреткердің оқыған кітаптарының жақтауларына жазған ойлары, сөздері, өзге де символдық белгілері көрсетеліп, сипатталады. Бұрындары жарияланбаған көптеген әдеби, ғылыми, тарихи мәліметтер оқырман қауымның қызығушылығын тудырары хақ.

Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.

**ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5 каз)**

ISBN 978-601-7505-19-6

© Пірәлі Г., Әкім Т., 2016.
© «Дәстүр», 2016.
© «Каратай КБ» ЖШС, 2016.

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІК КІТАПХАНАСЫ

(Алғы сөз орнына)

1961 жылдың 10 тамызында Қазақ ССР Министрлер Советі «М.О.Әуезовті мөнгі есте қалдыру туралы» (№550) қаулысымен 1963 жылдың 28 қарашасында М.О.Әуезовтің әдеби-мемориалдық музей-үйін (мұражайын) ашты. Жазушы Алматы қаласының Мұқан Төлебаев атындағы көшесіндегі

№ 185-ші үйінде 1951-1961 жылдар аралығында тұрған. 7 бөлмеден тұратын үйдің бірінші қабатындағы жұмыс кабинетінде Мұхтар Әуезовтің әйгілі кіта-пханасы орналасқан. Алматының ең көркем де орталық көшесіндегі үйінің жобасын жасаған сәулетші Г.Герасимовке бірінші қабаттағы бөлменің ең төріне жұмыс кабинетін орналастыру жөнінде жазушының езі кеңес берген. М.Әуезовтің бұқіл жазбалары мен кітаптарын көздің қарашығындағы сактап, музейге өткізген өмірлік жары – Валентина Николаевна Әуезова (Кузьмина) мен қызы Ләйла Мұхтарқызы Әуезова болды. Кітап окуды өмірлік серік еткен ғұламаның 1930 жылға дейінгі жинаған кітаптары мен бұқіл қолжазбалары Ташкент, Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасына түсіп, сондағы Орман шаруашылығы техникумы мен Қазақ ағарту институтында сабақ беріп жүргенде НКВД қызметкерлері тұтқындалп, барлық қағаздарын конфескелегендеге кеткен болуы керек. Және әртүрлі мемлекеттік тапсырыстармен әр жерлерде енбек еткен жазушының оқыған, жинаған кітаптарын езімен үнемі тасымалдан жүруге де мүмкіндігі бола бермеген. Жазушының 1951 жылдан бастап тұрған осы үйінде жасақталған кітапханасы негізінен 1932 жылдардан бері жиналған, сақталған кітаптардан тұрады десек қателеспейміз. Бір өкініштісі, Мұхтар Әуезовтің кітапханасындағы кітаптар мен түрлі басылымдардың, газет-журналдардың тізімі музей ашылған 1963 жылдың 28-ші қарашасынан бері тізімге алынып, жүйеленбегені. Ал, Мұхтар Әуезов сынды сирек дарын иесінің әрбір оқыған кітабының, онда қалған әрбір сыйық-белгінің кейінгі ұрпаққа қымбат қазына екендігін ескерсек, мұндай мол мұраның ғылыми назардан тыс қалуы тіпті қаупіті. Осы олқылықты ескерген «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының ғылыми ұжымы 2013-2015

жылдарға арналған «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталық: ақпараттық қоғам, әдеби және ғылыми мұраларды музеефикациялау, жүйелуе және жариялау» атты ғылыми жоба ұсынған болатын 12 млн. қаржы белгінген мемлекеттік грантқа ие болған жоба негізінде 50 жылдық тарихы бар М.О.Әуезовтің әдеби-мемориалдық музей-үйінің (мұражайы) шежіресін қамтитын жазушы мұрағатындағы қолжазбалардың бүтінгі заманауи талапқа сай электронды нұсқалары және М.Әуезовтің жеке кітапханасының қоры мен әрбір кітапқа түсірілген белгілер анықталып, ондағы бүкіл басылымдар тізімінде библиографиялық сипаттамасы жасалынды. Әлемдік кітаптану саласының тәжірибесіне сүйенсек, мұндай күрделі ері көздің нұрын жейтін, неше түрлі аллергиялық дерпттерге душар ететін жауапты жұмыстар бірнеше жылдарға жоспарланып, жүйелі түрде бүкіл мұрағаттанушы ғалымдарды, музей қызметкерлерін қамти отырып жүргізілетіні белгілі. Алайда, мұражайдың материалдық жағдайының ондай мүмкіндігі болмағандықтан 3 кісіден (Г.Пірәлі, Т.Әкім, Ә.Сұндетпаева) құрылған шағын топ жазушы кітапханасындағы бүкіл басылымдар тізімі мен оларға түсірілген белгілерді компьютерге түсірді.

Әлемдік деңгейдегі классик жазушы, ғұлама ғалым, даңқты драматург, атақты киносценарист, ұлағатты ұстаз Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің жинаған бай кітапханасындағы әрбір экспонат онын рухани өмірінің шежіресі, ақыл-ойының кеңі екені белгілі. Өзіндік тарихы бар жеке кітап беттері жазушының өмірі мен шығармашылығының әрбір баспаңдағының шежіресі. Қаламгер қолының таңбасы қалған әрбір кітаптағы белгі оның тынымсыз ізденісінің ізіндей, кеменгерлігінің қуәсіндей көрінеді. Қазақ руханиятының тарихында санымен ғана емес, мағыналық мәнімен де бай мол мұра сақтаған М.Әуезовтің кітапханасы кезінде көпшіліктің көnlін аударған, тұрақты оқырмандарының ой кеңістігін кеңейткен қазақ жұрты үшін атақты асыл ой қазынасы болған. XX ғасырдағы қазақ қаламгерлерінің ішіндегі ең ірі ері бай кітапхана қоры саналған жазушының жеке кітапханасынан көне әдеби жәдігерлерден бастап, кешегі кеңестік кезеңдегі классикалық көркем туындыларын, әлем әдебиетінің атақты ақын-жазушыларының көп томдық және толық жинақтарын, таңдамалыларын да таба аласыз. Мұнда ежелгі Шығыс, Грекия, Рим, Орта ғасыр, Кайта өрлеу дәүіріндегі ұлы ойшылдардың әр са-ладағы кітаптары, одан бергі Еуропа мен әлем әдебиеті жү-

йелі орналасқан. Екі қабатты әсем үйдегі жұмыс кабинетінде отырып ұлы ойшыл кітаптар оқып, әлемге әйгілі төрт томдық «Абай жолының» соңғы екі томын аяқтаған. Осы роман-эпопеясы үшін 1959 жылы Лениндік сыйлығын алған. Қаныш Сәтбаев айтқандай «қазақ өмірінің энциклопедиясына» айналған «Абай жолы» әлемнің 50 тіліне, ал өзге шығармалары 160 тілге аударылған. Өз кезеңінің ақыл-ой орталығы болған М.Әуезовтің кітапханасы сөз жоқ, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің де рухани шекіресі болғаны шындық.

М.О.Әуезовтің әдеби-мемориалдық мұражайындағы кітапхана құрылымы, ондағы кітаптардың жүйелену тәртібі жөнінде «Мұхтар Әуезов. ЭНЦИКЛОПЕДИЯ» деген еңбектегі мұрагаттанушы Т.Әкімнің «Әуезов кітапханасы» деген мақаласында: «Алдыңғы сөрелерде энциклопедиялар мен сөздіктер, В.И.Ленин шығармалары, оған жалғас философия, тарих, мемуар, көркем әдебиет, өнер, әдебиеттану, соңғы сөрелерде қазақ әдебиеті мен ғылымы, жазушының өз шығармалары қатар түзейді.... 19 ғасырда шыққан кітаптар бір сала болса, 20 ғасырдың басындағы «Библиотека великих писателей» сериясындағы Шекспир, Мольер, Гете, Гейне, Пушкиннің толық жинақтары, А.Виль, Ч.Дарвин, Э.Ренан, А.Веселовскийлердің кітаптары безендірілуі мен сапасы жағынан көз тартады. Ә.батыс және орыс классикасынан Шекспир, Толстой, Гоголь, Погодин, Джек Лондон, Афиногенов, Тренев, Чехов, Мамин-Сибирякты қазақ оқырмандарына алғаш таныстырыды. Драматургия мен театрға қатысты еңбектерде ерекше орын алғандар: Лессинг, Станиславский, Тальма, Фриче, Мокульский, Игнатев сияқты авторлар. Оның тарихына, теориясына арналған кітаптар өз алдына және бұл қатарға шетел авторларының еңбектері де қосылған. Ендігі мол дүние – әдебиет тарихы мен теориясы, әдебиеттану, фольклор, тіл білімі, осы салалардағы туысқан халықтар әдебиеті. Кітап авторларының дені өздерінің қолтаңбаларын жазып сыйлаған. Бұлардың қатарында: Л.Леонов, Н.Тихонов, К.Паустовский, Ю.Тынянов, Вс.Иванов, Айбек, Кербабаев, С.Вургун, М.Тұрсын-заде, Р.Фамзатов, Ш.Айтматов, С.Малов, Брагинский, Бертельс, Зелинский, Жирмунскийлер бар. Қазақтың белгілі ғылым, өнер, әдебиет қайраткерлері де сыйлаған кітаптарды да жазушы өзіне тән әдіс-тәсілдермен оқып, әдеттегі белгілері мен ой-пікірлерін жазып қалдырған. Кітапхана мазмұны, түр байлығы жағынан сан алуан, осылардың ішінде

сирек кездесетін кітаптар да мол; мұндағы ойды бөлөтін басты нәрсе-жазуышының оқыған кезде сыйған, белгілеген, бос жиек-терінсі жазған ой-пікірлері», – дейді [1. Б. 149].

Енді бір сәт осынау мол мұраны оқып, жинаған, одан өзіне өмірлік нәр алған Мұхтар Әуезовтің кітапқа деген құштарлығы қашан оянып, қалай қалыптасты деген сауалға жауап іздер болсақ, міндетті түрде Әуез атасының тағлымына, кітап оқыту тәсіліне тоқтамай өте алмасымыз хақ. М.Әуезовтің өзі жазған «Автобиографиясында»: «...Раннее детство я провел в ауле, там же начал обучаться в грамоте. Учил нас, своих внуков, дед Ауэз (от его имени и происходит моя фамилия). Мне было лет пять-шесть, когда однажды вечером, в час ожидания ужина, дед решил проверить, не вырос ли я уже для грамоты, и он тут же заставил меня повторить несколько слов со звуком «р». Не умея отчетливо произносить этот звук, нечего было и думать о грамоте: детям, не справлявшимся с ним, муллы крутили язык, – ведь первые уроки начинались с заучивания первых слов Корана: «Бисмилляхи рахман иррахим...» (Во имя господа всемогущего), и никакой мулла не мог допустить «кощунственного искажения священного изречения». Но этот экзамен, видимо, вполне удовлетворил деда, и он взялся за меня на следующий, же день... Книга эта была сборником стихов Абая. Ауэз, друг поэта и искренний почитатель его таланта, заказал мулле переписать их в одну книгу и решил обучать нас грамоте по стихам любимого поэта, надеясь внушить любовь к ним и своим внукам...» [2. Б. 16].

Міне осылай атасы Әуездің әуестендіруінің нәтижесінде алғашқы сөзін Құраннан, ал білімін Абай Құнанбаевтың өлеңдер қолжазбасынан бастаған Мұхтар өмірінің сонына дейін кітапты серік етті. Әлемнің дүние жүзіне әйгілі ой маржандары мен сөз өнерінің небір жауһарларынан сусындарды. Рухани серігі де, өмірлік сырласы да кітап болды. Соның жемісі 6 мынға жуық қоры бар өзінің жеке кітапханасы.

Әуез атасының бала оқыту әдісі оның замандасы, ұлы ақын Абайдың 38-інші қара сөзіндегі: «...Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденип тап- пайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйр қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша....» деген даналық дәрісін еске түсіреді [3. Б. 124]. Ауылда, ағайын, замандас қарттардың ұлдарына ұлағат еткен тәрбие-тағлымын теріс деуге келмес. Сол жаңкештіліктің жемісі болмаса

бала Мұхтар дана Мұхтарға жетер ме еді, жоқ па кім білсін? Әуез бен Абай атасының осынау тағлымды тәлім-тәрбиесі қа-закқа Мұхтардай даңқты ұлды тарту етті емес пе? «Мұхтардың балалық шағы қазақ даласында кездесіп көрмеген, батыс ел-дерінде де сирек кездесетін өлең мен әнге, ертегі мен жырға, жүмбақ пен жаңылтпашқа, шежіре мен шешендіктің лұғатты сөздеріне күн-түні шомылатын творчествоның ерекше жағдай-да өтті. Ол Абай ауылы, Абай айналасы-Абайдың ақын бала-лары, Абай ауына үсті-үстіне ағылып келіп жатқан ақындар, әншілер, домбырашы, қобызышы-күйшілер, бишилер, шешен-дер... Қазақ халқының қалыптасқан әдептілігі, адамгершілігі – бәрі-бәрі осы ауылда Абай елегінен өтіп өндөлгені де бар. Абай айналасында ерескел мінез, ерсі сөзге тыйым салынған. Бұл ауылда кітап бар, кітап оқу бар. Науан, Низами, Омар Һаям, Фирдаусилер аудармасыз, өз тілдерінде оқылады. Абай айналасында осында жайлар болғанын Мұхтар өзі де жыр етіп айтатын еді. Сол төңіректің барлық ішкі-сыйртқы бейнесі зерек ба-ланың балғын ойына өшпестей болып орнап қалғанын сезетін едік. Абай ауына қысы-жазы көршілес отыратын Мұхтардың атасы Әуез өзі де мұсылманша оқымысты, сандық-сандық кі-тап жинаған адам: әл-Фараби, Әбуғали Ибн-Сина, Қожа Ахмет Йассауи, Мұхаммед Қайдар Дулати, Әбілғазы Баһадүр ханының енбектері қолға көшіріп алған күйінде сол кісіден табылады екен», – деп классик жазушы, академик Ғабит Мұсіреповтің төгіле жазуы да тегін болмаса керек. Иә, атадан балаға қанмен тараған тектілік, бескаттық бала Мұхтарға Абайдың өлеңдерін жаттап есу арқылы ақыл-ой ерісін кеңейтіп, байсалды мінез сыйлап, білімін толықтырды. Оку, үйрену, тыңдау, іздену, та-лаптану әрбір өзін құрметтейтін адамның басты бағыты болуы керектігін кішкентай көкірегімен сезініп, ізденген жаннның мұ-ратқа жететінін түсінді. Көп білген сайын адам білім-танымға тойымсыз келетінін, ал білім тек талпынған жанға ғана қонаты-нын түсінген Мұхтар сол бала жасынан кітап оқуға құмар бол-ды. Мұхтар Әуезов 6 жасынан «Әліпбиді» оқып, жетіге жетпей «Мұхтасарды» тауысып, сонын европалық мектепке ауысады. Одан кейінгі деректі біз «Өзім жайлы мағлұмат» атты өмірбаян-дық мақаласынан білеміз: «...9-10 жасымда экеммен бір туыс-қан ағам Қасымбек қасына алып, басында бір жыл Семейдегі Камали деген қазіреттің медресесінде мұсылманша оқытты да, артынан орысшаға берді. Орыс окуына әуелі өзі дайындағы. Со-

дан кейін бір қыс ел ішіндегі ауылнай школдан, Әбіш Хасенов деген Семей семинариясын бітіріп шыққан учителінен оқып, келесі жылы куз Семейдің «5 класның городской училищесіне түстім...» [4. 382 папка].

1903 жылы Семей қаласында ашылған Батыс Сібір оқу оқругінә қараған бастауыш училишелер бастауыш орыс-қазақ мектептеріне және ауылдық қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлай бастайды. Оқу мерзімі 3 жылдық (3 класти) болған бұл мектепте дін сабағы, орыс тілі, шет ел тілі (неміс, француз), қазақ тілі, математика, тарих, география, жаратылыштану, сзызу, ән-күй, қол еңбегі пәндері оқытылды. Мұқтаж кедей балаларына қазына стипендия-сы тағайындалды. Мұхтар Әуезов те «Земский стипендиясын» алып оқыды (1915-1919). Жазушы бұл жөнінде: «...15-інші жыл городское училищені бітіріп, куз семинариға түстім. Арасында ауырып, окуды бірлі-жарымды тоқтатып, доғарып қойып жүріп, семинарияны 1919 жылы шала-шарпы бітірдім», – деп жазады [5. 382 папка]).

Семинарияда Алаш зиялъярлының бірі Қазы Нұрмұхамедовпен, Ахметбек Сейсенбаевпен (Ахметбек Шикібаевпен) бірге оқыды. И.Малахов, В.Попов, В.Белослюдов, С.Степанов, Н.Кұлжанов сияқты білікті ұстаздардан дәріс алады. Жазушы мұражайындағы В.Поповқа жазған: «Орыс әдебиетіне деген сүйіспеншілігімді оятқан алғашқы ұстазыма. 4/II-49», – деген қолтаңба мәтінінен де көп нәрсе аңғаруға болады [6].

Осы ретте М.Әуезовтей дара дарын иесіне даналықтың дәнін еккен Абай бабасының білім бастауларына барлау жасамай кете алмасымыз да ақиқат. Өйткені, Әуезовтің өзі айтпақшы «тақыр жерде ештеңе тұмасы» табиги заңдылық. КР FA-ның Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, «Әуезов үйі» FMO-ның негізін қалаған қазақтың қайраткер қызы Ләйлә Мұхтарқызының

«М.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары» (1977) атты монографиясындағы мына мәтіндер көп жайға көз жеткіздіреді: « – Семейде Милль мен Дрепэрді оқыған қарт қырғыз бар!... Ол менен индукция мен дедукция арасындағы айырмашылықты айтып түсіндіріп беруді өтініп, керемет таң қалдырыды. Мен оның ағылшын философтарын зерттеп, орысша аудармасы арқылы мен атаған барлық авторларды оқып шыққанын кейіннен білдім.

– Эйтсе де сол оқығандарынан бір нәрсені түсінді деп сенесіз бе? – деп сұрады студент.

– Мен одан Дрепэрдің «Европа ақыл-ойының дамуы» деген кітабы бой- ынша екі кеш бойы сынақ алдым, – деп қарсы дауайтты Леонтьев.

– Ол мұны өте жақсы түсінеді, мен бұған сізді сендей аламын» [7. Б. 240]. Монографияның 240-ыншы бетінде берілген американцың журналист Джордж Кеннан мен Семейге жер аударылған Петербург университетінің студенті А. Леонтьевтің арасындағы бұл әңгіме қазақ оқырмандарын ойландырмай қоймайды.

Ал, американцың журналистің естелігіндегі Абай оқыған кітаптар тізімі бүтінгі өркениетті ортада өскен жастарымызды да таңдандырапар хак: «...Мен Спенсердің, Бокльдің, Льюистің, Мильдің, Тэннің, Леббоктың, Гекслидің, Дарвиннің, Лайельдің, Тиндалльдің, Альфред Рюссель Уэллестің, Мэлензи Уэллестің және сәр Генри Мэннің шығармаларын, Скоттың, Диккенстің, Мариэттің, Жорж Элиоттың, Жорж МакДональдтің, Эккерман-Шатрианның, Эдгар Поның және Брет Гарттың романдары мен повестерін көріп қатты таң қалдым. Әсіресе, ғылыми шығармалар, оның көбісі саяси экономия жөніндегі шығармалар екен. Кітапты бұлай жинау, оны ұқыпташ тауып пайдаланатын адамдардың талғамының соншалықты жақсы екенін дәлелдейді және интеллигенттік абырайын жоғары көтереді. Осындағы кітаптардың арқасында Семей туралы бұрын көріп, естігеннен бетер өте жақсы пікірде қалдым» [8. С. 68-69]. Қазақтың ұлы ойшылты Абаймен әңгімелескендегі әсерін сезбен жеткізе алмай сүйсінген шет ел тілшісін Семей секілді провинциалдық шет аймақта өлкелік музей және оқу залы бар, барлық орыс газет-журналдарын түгелдей жаздырып алатын, тамаша жинақталған 1000 томға жуық кітап қоры бар қоғамдық кітапхана шынында да таңданбасқа шара қалдырымалан еді. Абайдың тұрақты кітап алып тұрган Семейдегі кітапхана қаладағы саяси жер аударылғандардың ықпалы нәтижесінде ұйымдастырылғаны мәлім.

Тегінде, тарихи тұлғалардың кітапханасындағы кітаптар, басқа да ақпараттық мәні бар басылымдардың толық тізбесін белек басып шығару үрдісі әлемдік тәжірибеде барышылық. Және бұл дәстүр осындағы деректердің ғылыми мәні бар екендігін дәлелдесе керек. Өкінішке орай ұлттық әдебиеттану ғылымы

мен кітапханатану саласында әлі күнге дейін Абай Құнанбайұлының кітапхана қоры туралы да нақты ақпараттар анықталмай отырғаны қандай өкінішті. Дегенмен бүгінгі ғылыми орта оның құрамында шығыс поэзиясы мен философиясының тұпнұсқалары араб, парсы тілдерінде болғандығын, атап айтсақ: 1.М.Қашғарі, 2.Ж.Баласағұн, 3.Кабус-нама, 4.К.Жалайр, 5. Физули, 6. Шамси, 7.Навои, 8.Фирдауси, 9.М.ибн Кайс, 10.Х.Баршынлеги, 11.Низами, 12.Авиценна, 13. Сааиди, 14.Джами, 15.эль-Фараби, 16.Омар-Хайям, 17.Абыл-ғазы, 18.Иbn аль-Асир, 19.Рашид- ад Дин, 20.Мұхамед Хайдар, 21.Ахмет Яссаяи, 22.Суфа Аллаяр, 23. Сүлеймен Бақыргани, 24.Табари, 25.Хафіз, 26. Бабур, 27. Рабгузи, 28. Рудаки, бәрі – 28 автордың кітаптарының болғандығын ақын өлеңдерінен байқаса, ал Платон, Аристотель еңбектері болғандығын «Faқлиясынан» біледі. Ал орыс тіліне аударылған антика әдебиетінің ірі өкілдері – 1.Сократ, 2.Платон, 3.Аристотель, 4.Сенека, 5.Гомер, батыс философтары, жазушылары, педагогтары, ғалымдары 1.М.Монтень, 2.Г.Бокль, 3.Г.Спенсер, 4.Б.Спиноза, 5.И.Гете, 6.Г.Гейне, 7.Дж..Байрон, 8.И.Шиллер, 9.Ч.Дарвин, 10.К.Льюис, 11.Д.Дрепер, 12.А.Мицкевич, 13.А.Лесаж, 14.А.Дюма, 15.В.Ирвинг, 16.Ф.Купер, 17.Д.Стюарт, 18.Г.Гегель, 19.Ф.Лонго, 20.Ф.Брет-Гарт, 21.Г.Лонгфелло, 22.Г.Б.Стогу, 23.Д.Милль, 24.А.Бальф, 25.И.Кант, 26.Ф.Шеллингердің туындыларымен жақсы таныс болғаны, орыс әдебиетшілері мен сынышыларынан: 1.А.С.Пушкин, 2.М.Ю.Лермонтов, 3.Л.Н.Толстой, 4.М.Е.Салтыков-Щедрин, 5.Н.А.Некрасов, 6.И.С.Тургенев, 7.Ф.М.Достоевский, 8.И.А.Крылов, 9.В.Г.Белинский, 10.Н.А.Добролюбов, 11.И.Писарев, 12.И.А.Бунин, 13.А.Дельвиг, 14.Я.Полонский шығармаларын оқып, насиҳаттап отырғаны «Қара сөздерінде» анық байқалатыны тегін емес [9].

Осындаі ордалы ойлардан, әлемдік білім бұлағынан еркін сусындаған ұлы ақынның шығармаларын ұзатылатын қызы жасауының басы ретінде қосып, өзеге үлгі-өнеге танытқан жақсы дәстүріміз мөңгілік гибратқа ұласса қандай ғанибет. Бұл төл тарихымызда рухани жан азығы саналған кітапты ерекше қастерлегеніміздің күесі. Әсіресе, қасиетті Құранды асылымыздың асылы, байлығымыздың бастауы көрген ата-бабаларымыз ғасырлар бойы бойтұмардай көріп, сандықтарында сақтаған. Түрлі замандардағы зымиян идеологияның салдарынан бүкіл адамзатқа ортақ рухани құндылықтарымы- зды қызығыштай қорғай алмаған кезіміз де болған. Қазақ даласына VII ғасырларда ене бастаған

ислам дінімен бірге келген түрлі діни кітаптардан өзге, тұнғыш рет тасқа басылған төл туындымыз 1807 жылы жарық көрген «Сейфул-Мәлік» қыссасы мен Абайдың (1909) Петербургте басылған алғашқы жып жинағы ұлттық құндылықтарымыздың ең қымбат қазынасы болғаны белгілі. Алайда түрлі саясаттың кесірінен бірі цензураға ілініп, бірі өртеліп, бірі жоғалып, бірі қолды болып, тіпті бүтіндей жойылып кеткендегі де болды. Осы орайда айта кетер бір мәлімет – Семейдегі Араптөбе мекеніндегі Ділда мен Әйгерімнің зиратының қасына 1927 жылы Абайдың қолжазбалары мен үй жиһаздарын Жағыпар Магауияұлы тәркіден жасырғанын естіген М.Әуезов 1950 жылы К.Мұхаметханов, Қ.Аманжолов, И.Жағыпароваларды жібертіп, іздеткен, бірақ, табылмаған. Бұл деректер ұлы суреткердің шын мәніндегі кітап жанашыры болғандығын дәлелдесе керекті.

Ал, әлемдік таңдаулы туындыларды асқан талғаммен таңдап, оқып, насиҳаттап отырған Абайдың шығармаларын алты жасынан жаттаған Мұхтар Әуезовтің де білімдар, ойшыл болмасқа құқығы да жоқ еді.

Семейді «Ұлылар мекеніне» айналдырған бай кітапхана (1883 жылы құрылған кітапханаға 1902 жылы Н.В.Гогольдің, 1994 жылы Абай есімі беріл-ген.Г.П) қазақтың талай озық ойлы демократ ақын-жазушылары мен қоғам қайраткерлерін, бүкіл Алаш зиялыштарын тәрбиелегені тарихтан мәлім.

Осы кезде дейін айқындалып, жүйеге келтірілмеген Абай кітапханасынан, Алаш зиялыштарының, өз замандастарының кітапханаларынан хабардар болған Мұхтар Әуезов 1922 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университеттінде оқығанда да сол кездегі бүкіл шығыс пен батыстың небір ойшылдашының рухани оргалығы болған кітапханалардан, бүкіл көне түркі жәдігерлерінің мұраларынан мейлінше мол білім алған. 1923 жылы Ленинград мемлекеттік университеттің сол кездегі қоғамдық ғылымдар факультетінің әдебиет-лингвистика бөлімінің славян-орыс секциясына (бүгінгі филология) түскен кезінде оқытушылар берген пайдаланатын негізгі және қосымша әдебиеттер тізімінен бір-екі ғана кітапты түртіп алуының өзі көп нәрседен сыр тартса керек.

М.Әуезовтің де әлемдегі танымал тұлға болып қалыптасуына қомақты үлес қосқан өзінің бай кітапханасы. Кеменгерліктің көзі болған кітап, яғни оның ойының жан-жақты дамуына, тे-рең білім алуына, рухани кеңістігін кеңейтуіне алтын кен бол-

ған да кітапханасы. Ұлы ой алыбы Мұхтар Әуезовтің өмір бойы жинаған, күн сайын жаңына қуат, ойына нәр алып отырған қазына байлығы да осы кітапханасы болды. Тұлғаны танығың келсе оның оқыған кітаптарымен, жеке кітапханасының қорымен танысу керек. Кітап арқылы оның иесінің ойлау жүйесімен, дүние танымымен, көркемдік-эстетикалық талғамымен, білім бағытымен таныса аласыз.

Тұбірі грек сөзі «кітап қоймасы» деген мағынаны білдіретін кітапхана (библиотека), кітап – әлеуметтік құбылыс. Дара сана табысып, жемісін өзге адам саналарының игілігі ететін құрал – кітап-кітапханалар арқылы шекарасы мен шектеуі жоқ бүкіл адамзаттың ақыл-ойын түзейді. Тиражын, тарапалымын көбейткен сайын терілген мәтін өрісін көнештеп береді. Табиғатында ғасырлар бойы бар ғибратын бойына жинап мәнгілік өмір көшетін де осы кітап, кітапханалар. Сондықтан да халық: «Өмірде өлмейтін жақсының аты, ғалымның хаты» дейді. Адамзат кітап арқылы көнемен қөрісіп, өткеннен тілдеседі, болашакты бағдарлайды. XX ғасырда өмір сүрген Мұхтар Әуезовпен біздін талай ұрпақтарымыз осы кітаптары арқылы танысып, табысып, тағылым алары ақиқат. Әлемге танылған Әуезовті сол данққа бөлеген білім байлығының көзі осы кітаптар, өз кітапханасындағы мол мұралар екендігі де айқын. Олай болса, М.Әуезовтің кім екендігін танытқымыз келсе біріншіден, ол оқыған, ойын түзеген кітаптар тізімін жасап, жүйелеп, анықтама жұмыстарын жүргізіп, кітап қөрсеткіштерін жасау бүтінгі ұрпақтың ұлағатты ісі. Ендеше қазақ руханиятында тұнғыш рет қолға алынған қөрнекті суреткер, ғұлама ғалым, дарынды драматург Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің жеке кітапханасы туралы, ондағы кітаптар коры мен жазушының белгілері түсінген парапашалардағы парасатты пайымдаулар хакындағы кітап-қа кіріспес бұрын жалпы кітапхана тарихы, олардың адамзат өміріндегі орны туралы аз ғана шегініс жасап, ғылыми шолу жасасақ та артық болмас еді. Өйткені сонау көне замандардан келе жатқан жазба дүниелерді, папирус, пергам, саз балшық, қайын қабы бетіне түсірілген мәтіндерді сақтайтын орын болу керектігін адам баласы ерте замандарда-ақ түсінген. Соның бірден – бір дәлелі – Ашшурбанипал патшаның (б.э.л. 669-633 жылдар) кітапханасы екен. Бұл кітапхана Ирактағы Ниневия қаласының маңында қазба жұмыстары кезінде табылған. Қазба жұмыстары кезінде тарихи, ғылыми, магия тақырыптарындағы

көптеген мәтіндердің, суреттердің қышқа түсірілгені анықталған. Адамзат тарихындағы ірі рухани құбылыс болған бұл жаңалық кітап, кітапхана сияқты білім, ой храмдарының мәнгілік маңызы бар екендігін дәлелдейді.

Ал, тұнғыш көпшілік кітапхана отаны – Афина қаласы болған. Ондағы кітап оқытын орын біздің жыл санауымыздан 540 жылдан аса бұрын ұйымдастырылған құсайды. Египет абыздары (жрецтері) білімдерін осы храмдарда арттырып, жетілдіріп отырған. Көне заманның ең данқты кітапханаларының ендігі бірі – Птоломей негізін салған Александрия кітапханасы. I ғасырда салынған бұл ғимаратта 700 мың томға жуық кітап қоры сақталған. Ал, мән-гі қала саналатын Римде кітапханалар храмдар жанында болған. IV ғасырда Римде 30 шақты храм жұмыс жасағаны бүтінде тарихтан мәлім болып отыр. Сорбонна, Прага, Гейдельберг университеттері жанындағы және Флоренциядағы Лауренция кітапханасы, Ватикан кітапханасы, Париж корольдік кітапханасы. Оксфордтегі Bodли (1602), Берлиндеғі Курфюрст (1661), Лондондағы Британ музейі кітапханалары күллі әлемге аян.

Киев Русінің тұнғыш кітапханасын Киевте, София, соборының қасынан Ярослав Мудрый ұйымдастырған. Қазақстан жеріндегі ең көне және бай кітапхана – Отырар кітапханасын XIII ғасырда монгол шапқыншылығы кезінде өртелгені тарихтан мәлім. Оған дейінгі түрік жазба ескерткіштерінің денін араб жаулап алушылары жойған. Аман қалған жазба ескерткіштердің ең субелісі – Орхон-Енисей ескерткіштері. Көне түрік тарихы таңбаланған бұл ескерткіштер дала кітапхана болғаны туралы тарихи мәліметтер қазақ халқының сауатты ел екендігін дәлелдесе керек. Ал, Ресейде XYШ ғасырда ғана көпшілік кітапханалар бой көрсете бастаған. Ұлы Петр патшаның жарлығы бойынша 1714 жылдан басталған бұл бастама-мен 1725 жылы Петербург Ғылым Академиясының кітапханасы құрылады. Қазіргі әлемдік дәрежедегі саналған Мәскеу университетінің кітапханасы 1756 жылы, Петербург көпшілік кітапханасы 1814 жылы ашылады [10. Б. 192].

XXI ғасырдағы ең үлкен кітапхана – Пекинде, оның биіктігі 18 қабаттан тұрады. Ресейде 500 адам тұрған жерде 1 кітапхана салынуы тиіс деген зандылық әлі бар. Бүгінгі статистика бойынша Қазақстанда қазір 12 мың кітапхана жұмыс істейді,

республикадағы 15 млн. халықтың 8 млн.кітапхана оқырмандары екен.

1878 жылы ашылған Алматыдағы Республикалық кітап мұражайы бұрынғы КСРО-дағы Мәскеу, Киевтан кейінгі 3-ші, ал Азия аймағы бойынша тұнғыш кітап мұражайы болып есептелінеді. Онда 50 мыңнан аса кітап коры бар. Әлемдегі ең қымбат кітап – атақты итальян суретшісі Леонардо да Винчидің «Лестер кодексі» атты кітабы екен. Оны атақты миллионер Билл Гейтс аукционнан 31 млн. долларға сатып алған. Бұл дерек көздері кітаптың құндылығын, олардың адамзат ақыл-ойын ағартудағы айрықша қызметін айқындайды.

Әлемдік ақыл-оидың маржандарын мұкият қадағалап, оқып отыратын Мұхтар Әуезов өзінің «Кітап шығаруға қағазды көп берейік» деген мақаласында («Больше бумаг для книг», «Лит. газетада» 1954 ж. 28 қыркүйек) кітап неғұрлым көп болған саяын, совет адамының ескелең рухани талабы толық қанағаттанғылатынын айтса, «Сөз – кітап достың жөнінде» («Қазақ әдебиеті», 1955. 14 қантар) атты мақаласында адам өмірінде кітаптың маңызы зор екендігін, кітап арқылы бүкіл адамзат мәдениетімен танысу мүмкіндігін болатынын айта келіп: «Әрбір үйде кітапхана жасау үшін күресуіміз шарт» деген ұсыныс жасайды. Және осы мақаласында мынадай мәліметтер келтіреді:

«...1943 жылы дүниеге келіп, содан бері қазақ тілінде уш-ақ рет басылған

«Абай» романы 1948 жылдан бері орыс тілінде 12 рет шығарылды. Мұның ішінде 5 рет мол тиражбен басылды. Қазір де мол тиражбен шығарылғалы жатыр. Соның көбінде баспа автордың ықтиярын сұраған да жоқ.

Ал сол кітаптар қазақ оқушысына қажет емес деуге кімнің аузы барады. Кітап таратса білу қажет....Мысалы, Латвияның баспасында әрбір екі күнде үш кітап шығып отырады екен. Бұл республикада әрбір үйдің өз кітапханасы бар көрінеді. Біздің де сондай әрбір үйде кітапхана жасау үшін күресуіміз шарт...» [11. Б. 93]. Иә, бұл мәліметтер «Жақсы кітап-жан азығы, ой сауыты» деген даналықты еске түсіреді. «Абай жолының таралымы көп болса ол тек автордың ғана емес, бүкіл қазақ жұртының рухани игілігі емес пе? Мәселен, XVIII ғасырда Францияда өзін зиялды қауым өкілімін деп есептеген әрбір отбасы өте бай кітапханалар ұстауға міндетті болған.

1957 жылы «Қазақстан мұғалімі» журналында жарияланған «Ана тілі әде- биетін сүйіндер» деген еңбегінде жас буынға ана тілін, ана тіліндегі әдебиетті оқып – үйренудің екі жолы бар: біріншісі – мектеп арқылы жүзеге асырылса, 2-сі – әр адамның өз бетінше ұзақ уақыт ізденіп, үйренуі. Толық интеллигенттік сипатқа ие болу үшін тар көлемде тоқырап қалмай шын мәніндегі интеллигент болу керек деген пікір айтады. Жазушы өз ойын дәлелдеу үшін орыстың, европаның мәдениетті адамдарының кітапты аса көп оқитындарынан бірнеше мысалдар келтіреді. Қай кезеңде де шығармашылық таным тұрақты, таңанды, тыныссыз еңбек етуді талап етеді. Инемен құдық қазғандай етіп білімді құн сайын байытып отырмаса, ұрпақтар арасындағы өркениет өріс алмай, мәдениет мәйеңі майысып қалуы ғажап емес. Сондықтан әрбір адам «өзін өзі жетілдіруге, құн сайын білімін толықтырып отыруға дағдылану қажет» – деген қағиданы қатаң ескертеді. Қоңе шығыс ғұламалары мен дала даңышпандарының өз беттерімен ізденіп, хат танып, әлемдік деңгейдегі білім нәрін жинаған ғұлама ғалым әл-Фараби мен дара дарын иесі Абай Құнанбайұлының білім жинау тәжірибесі кім-кімге де үлгі.

М.Әуезов кітап оқуға, жеке кітапхана ашуға көзі ашық оқырманды шақырумен қатар, КР FA-ның Орталық ғылыми кітапханасы мен мәдени-ағарту мекемесінің ашылуына, оның ішінде қолжазбалар қорын жинап, сақтауға да, 1959 жылы кітапханадан қолжазбалар білімін ашуға да белсене араласып, көп көмек көрсеткен.

Қалай болғанда да қаламгер кітапханасы – өз иесінің білім-білігінен, ой-өрісінен, тыныс-тіршілігінен, қам-қарекетінен толымды хабар беретін ақпарат айнасы. Ондағы кітаптардың жүйеленуі, қолданылу жиілігі, олардағы әртүрлі жазба түсініктер, белгілер, автографтар, арнаулар, аудармалар жазушының эстетикалық-көркемдік талғамын танытады. Бұл көрсеткіштердің бәрі қаламгердің ізденіс арнасын, ой-өрісін, қабілет-қарымын, дүниетану көкжиегін аңғартады.

М.Әуезовтің жеке кітапханасы аз да болса саз мазмұнымен өз заманында қазақ халқының үлгі тұтар рухани орталығы, мәдениетіміздің мақтанышы болғаны да аян.

Мәселен, М.Әуезовтің Валентина Николаевна мен Ләйлә Мұхтарқызына жазған бір хатында (Гарагаш А.) Қазақстан Министрлер Кенесі төрағасы орынбасарының тапсырмасы

бойынша ағылшын қоғам қайраткері, ағылшын демократиялық қоғамы – Эйелдер Ассамблеясының төрайымы (1952), Хальқаралық Лениндік сыйлықтың лауреаты Фелтон Моника құрметіне арналған құрамында 20 кісідей болатын қонаққа қонақсын бергенін айта келіп: «..Гостья очень хвалила и дом, и библиотеку, и сад», – деп мақтандышпен мәлімдеуі дәлел [12. Б. 35]. М.Әуезовтің өзі мактандыш тұтқан жеке кітапханасы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің де көрсеткіші де. Шынында да кітапхана тек кітап қоймасы емес, білімнің храмы. Кітап арқылы ұлттың ақыл-ойы мәдениетке айналып, рухани игілікке үласады. Ол талай үрпақты тәрбиелеп, тарихты жасайды. Кейде бір сөздің өзі өткенге оралтып, Ресейдің көрнекті ақыны Ю.Н.Тыняновтың айтқанында: «книги опять становятся тем, чем были, – людьми, историей, страной», [13. С. 57] ұлттық, жалпы адамзаттық құндылықтарға үласады. Бұл ойды көрнекті суреткер М.С.Шагинян былайша жалғастырады: «Книги в библиотеках не лежат; они движутся от человека к человеку, от поколения к поколению. Библиотеки – это жизнь книг во времени. Нет ничего отраднее, чем познавать мудрую книгу. Наш мозг получает от книг энергию, впитывает в себя сконцентрированный в них многовековой научный, нравственный и художественный опыт... В библиотеке люди сродняются, забывают обо всем том, что разделяет их за библиотечными стенами... Только в библиотеке встречаешь какую-то особую вдохновенную атмосферу общего труда и ни с чем не сравнимый библиотечный уют...» [14. С. 58]. Әрбір демалыс сәтін кітап окурахатымен рухтанып өткізген М.Әуезов үшін де кітапхана, ондағы мәтіндер шын мәніндегі шабыт шақырап шикізат қоры, ордалы ой ортасы болатын. Мұндағы әрбір кітаптың өз тарихы, оның оқылу, ойлану, белгі салу шежіресі бар. М.Әуезов кітапханасы бүкіл қазақ және шет ел қаламгерлерінің бас қосқан, үлкен парасат иелерінің пікір алмасқан киелі мекені де болған. Осы ретте Вольтер кітапханасының тарихын зерттеуші М.П.-Алексеевтің мына пікірін М.Әуезовке де бағыштауға болады: «Личные библиотеки писателей представляют собою далеко не равнозначенный материал для истории жизни их владельцев, для характеристики их умственных запросов, творчества, литературных вкусов. Привычки пользования книгой и самая культура чтения писателей всегда были очень различными и своеобразными» [15. С. 10]. Кітапхана оның иесінің талғамын,

танымын, табиғи болмыс-бітімін, өмірлік те өнердегі де талап-тілегін, мақсаты-міндеттін айқындастынын, оның ішкі рухани әлемінен сыр беретін ақпараттар ағыны. Олар күн сайын болмаса да жылдар бойына өзгеріп, жанарып, толығып, тазарып отырары хақ. Өтпелі өмірдей ой-өріс ағысы да өзгермелі. Вольтердің замандасы ағылшын жазушысы Самюэл Ричарсонның «Кларисса Харлау» (1748) романында өзінің кейіпкері Лавлеске досының ғашығының кім екендігін білу үшін мынадай мазмұнда: «Если ты хочешь ближе узнать какую-нибудь молодую особу, начни с того, чтобы выяснить, какие книги она читает», – деп хат жазуға мәжбүрлеуінің өзінде қашшама мағына бар.

Орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкин де «Онегинді» жазғанда Татьянасына Онегиннің кабинетіндегі кітаптарға да тап осы көзқараспен қарағ, адамын тану керектігін ұсынуы да ұлылар ойының үндестігін, талаптілегінің ортақтығын танытса керек. Оған ақын поэмасының:

«...Везде Онегина душа Себя невольно выражает

То кратким словом, то крестом,

То вопросительным крючком...», – деген өлең жолдары айғақ. М.Әуезовтің кітапханасы да өз заманындағы қоғамдық, әдеби, мәдени және тарихи өмірдің шежіресі, интеллектуалдық, ақыл-ойдың ордасы болды. Кітапхана – жеке жазушының өмірі мен шығармашылығының өзегі болуымен қатар, М.Әуезов өкілі болған ұлттың және ол өмір сүрген кезеңнің мәдени ескерткіші де. Кітапхана иесінің кітаппен жұмыс істеудегі ой енбегінің ерекшелігі де әрқашан оқырмандарын қызықтырып отырған. Жазушының назарын аударып, қызығушылығын тудырған кітапқа түсken қолының табы, журегінің лұпілі, көніл күйінің көріністері, ойлау, қабылдау, әсерлену сәттерінің белгілері, беттерді бүктеу, кітап арасына параптар қою (закладки), өзіне ұнған тұстарға қарындашпен немесе автоқаламмен белгілер соғу, өзге де танбалар түсіру сияқты ерекшеліктер де өзінше бір әлем. Құпиясы мен өзіндік шежіресі мол жеке кітапханасы бар Мұхтар Әуезов те өмірінің сонына дейін жеке кітап-ханасын қызығыштай қорғап, бағалап өткен.

Әлемге әйгілі ағылшын жазушысы Г.Вольтердің 7 мың 500 томдық кітап пен сонша қолжазба қоры бар жеке кітапханасының қызметкери болған Ваньердің: «...Когда он получал какой-либо новый труд, он имел обыкновение быстро просматривать

его, читая лишь несколько строк на каждой странице. Если он замечал, что в нем содержится что-либо заслуживающее внимания, он отмечал это место закладкой; кроме того, он весьма внимательно перечитывал ее, иногда даже два раза, когда книга казалась ему интересной и хорошо написанной, и делал на полях заметки. Эти заметки были чрезвычайно любопытны. Г.Вольтер обладал поразительной памятью – сотни раз говорил он мне: «...Посмотрите в таком-то сочинении, в таком-то томе, приблизительно на такой-то странице, нет ли там того-то?» и редко случалось, что он ошибался, хотя и не раскрывал эту книгу лет двенадцать-пятнадцать», – деген таңданысы кітапхана иесінің жадының, еске сактау қабілетінің зор екендігін танытады. Г.Вольтердің кітаппен жұмыс істөу ерекшелігі де, келген кітапты міндепті түрде бір қарап, керек жеріне белгі соғып және оның бірнеше жылдар бойы ұмытпай көкейіне сактауды да таланттың таңғажайып табиғатына тәнті еткізеді.

* * *

Мәселен, Шекспир кітапханасының қоры Батыс Европа кітапханаларының ішіндегі ең байы болмаса да тақырыптық сапасы жөнінен ең құндысы екен. Ұлы драматургтың сирек қолжазбалары мен кітапхана қорын жүйелеп, жинаған ауқатты кітап әуескөй Генри Фолджердің табандылығының арқасында 1885 жылдан бастап алғашқы шекспирлік Фолионың басылымы факсимилияланады. Эмил Джордан Фолджер әйелі екеуі өмірінің соңында 2100 жәшікке тиелген кітапхананы америка халқына сыйфа тартыпты. Бұл бай кітапхана ғана емес, ағылшынның 17 ғасырдағы бүкіл тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне, өнеріне, жалпы рухани құндылықтарына қатысты бай экспонаттар жиналған музей болып та табылады. Мұндай үлгі-өнеге аларлық тәжірибе, өкінішке орай бізде әлі-әзірге байқала қоймайды.

Қай қаламгердің де, небір ойшылдардың да жалғыз жан жолдастары, шын жанашырлары, адап достары, кез-келген уақытта, көнілдің қай кездегі құбылмалы кезеңінде де қасынан табылып, жанына жалау, ойына қазық, көніліне тірек болатын бірден-бір көмекшілері – кітап болған. Мұхтар Әуезов те заманының аласапыран кезеңдерінде осы кітаппен сырласқан, мұндақсан, – жанына жылу, ойына қуат алған.

Кітап барда ол жалғыздықты сезінбеген. Соңдықтан да өзінің жеке кітапханасын көнілінің киесі, өзінің киелі орны, ақыл-ойының Мұкке-Мәдинасы санаған.

М.И.Калининнің: «...Образованный человек не тот, кто много читает, а тот, кто приобрел систему чтения, не отрывки, не крохи знания, а систему увязенных между собой знаний», – дегеніндегі, Мұхтар Әуезов те кітап окудың өзіндік жүйесін жасаған, өз қабілетіне қарай тиімді тәсілін таңдаған қаламгер.

Өмірге құштар өндір жастың махаббатындағы бір мезетте рухани мызғуга өзіне мүмкіндік бермеген Мұхтардың сол меңненнан ләzzat алғандығы жайлы жылы сөзді де әрбір естеліктегі әңгімелерден оқып, таңданасыз.

Әсіресе, Әуезовтің әрбір шығармасын орыс тіліне аудару барысында құн сайын кездесіп, сұхбаттасып, пікір алысып, көбірек сырласқан А.Пантилевтің естелігінде көніл аудараптың жэйттер көп. Соның бірі:

«...Он так говорит:

– Учиться люблю. Учиться гораздо интересней, чем учить. Правда, хороший учитель еще и воспитывает, и эта часть работы замечательно интересна, до того хороша, что ее не с чем сравнить. К сожалению, самовоспитание – в одиночестве, вне общества, без живых влияний – невозможно, а иногда и уродливо...», – деген тағлымды ой. [17. Б. 117].

Заманында Шиллердің: «Тот, кто верен своему времени, легче других добивается бессмертия...», – дегеніндегі, М.Әуезов те өз кезеңінің рухани кеңістігі мен уақыт талабына сай ізденді, өмір сүрді, қоғам заныңтығына сенді, соның нәтижесінде ұрпағы мен ұлтына мәнгілік құндылыққа жарамды әдеби, мәдени мұра калдырды.

Қай кезеңде де қай халықта да талант әр ұлтың ақыл-ойынын, парасаттаймының сапасын танытарлық баға жетпес байлығы болған десек, табиғат-ананың бізге тарту еткен талантты ұлы М.Әуезовтің өмірі мен өнері, гибратқа толы ғұмыры қай ғасырда да біздің ұрпағымыз үшін мәнгілік үйренер парасат мектебі болмақ.

М. Әуезовтің кітап оқуға деген құштарлығы өмірінің сонына дейін де толастамаған. Окусыз, білімсіз, өмірін елестете алмаған өнер иесі М.Әуезовтің кеменгерлігінің көзі де осы кітап окуды жүйелі дағдыға айналдырғаны десек болады. Өйткені, кітап окусызы алға жылжудың мүмкін еместігін, орыстың көрнекті

әншісі Федор Иванович Шаляпиннің: «Я вообще не верю в одну спасительную силу таланта, без упорной работы. Выдохнется без нее самый большой талант, как заглохнет в пустыне родник, не пробивая себе дороги через пески», – дегеніндегі деңгейде түсініп, өзіне талап қоя білген. Соңдықтан да оның өмірі окумен, ізденумен өткені белгілі.

Тағдырдың тұрлі тарту-сыйларының арқасында әлемнің сан торабын шарлаған, көптеген кеменгерлермен кездесіп, кітап алмасқан М.Әуезовке олардың бәрі таусылмас тәжірибе, өмірлік-өнеге, білімнің көнін сыйлады. Қаламгер жаңа шыққан кітаптарды назарынан тыс қалдырмай, әдеби үрдісті үнемі бақылап отыратын. Қаламгердің қолжазбаларында оқыған, өзімен бірге іс-сапарларда алып жүрген кітаптары жайлы пікірлері де баршылық. Мысалы, Америкаға барагында самолетте оқымын деп сол кездегі қырғыздың қаламгер қызы Айымбала Айтбаеваның прозалық шығармасын ала барғаны жөнінде мәлімет бар.

Кітаптарға түскен әрбір белгілерге қараپ, кітапхана иесінің қандай жан екендігін, оның жаны нені қалайтынын, сол сәттегі көніл-күйін, рухани талабы мен заман зәрүлігін сезінуге болады. М.Әуезовтің кітапханасы, ондағы әлемдік ой-қазыналар да бізге осы түрғыдан көп мағдұмат бере алады. Адамның әрбір қолданылған заттары мен оқыған кітабынан олардың ойлау деңгей-ін, мәдениетін, рухани қажеттілігін, әдеп әлемін, ішкі жан әлемін, көркемдік эстетикалық талғамын да тануға болатыны табиғи занұлдылық.

Әуезов кітапханасы өмірінің соңғы 10 жылында тіпті жақсы ұлғайғаны белгілі. Өйткені, оның атақ-данқы дүние жүзіне жетіп, әлемнің әр еліндегі қоғам, ғылым, мәдениет, өнер өкілдерінің туындылары автографтарымен тарту ретінде келіп жатты. Соның нағайесінде кітапхана қоры күннен-күнге көлемі өсіп, күні бүгінге дейін мұражайдың экспонаттарын то-лықтырып тұр.

М.Әуезов кітаптарды көбінде ұшталған қызыл, кейде қара мен күлгін түсті қарындаштармен белгі соға отырып, оқығаны байқалады. Кітапханада сақталған кітаптар мен журналдардың, альманахтардың, тұрлі көлемдегі басылымдардың беттеріне түскен белгілер соны растайды.

Жазушы әріптестерінің естеліктерінде Әуезовтің әрдайым кітап қарап отыратыны, оның жазу столында үнемі дүниеге танымал даналардың томдары, кітаптары, жинақтары жататыны

әңгімеленеді. Мәселен, Ысқақ Дүйсенбаев еңбек етудің, кітап окудың, ізденудің үздік үлгісін М.Әуезовтен көргенін үлкен таңданысып әңгімелейді: «...Маган Мұхан әрқашан куреске әзір солдат тәрізді көрінеді, бірақ ол кісінің қаруы тіпті өзгеше еді: халқына деген шексіз сүйіспеншілік, зор талант, энциклопедиялық терең білім. Сол себепті де қарсы адамдары сырттай қанша кіжінгендерімен, Мұхана бетпе-бет келгенде тайқақсып шыға беретін» [18. Б.72].

Кітапқа деген мөлшерсіз махаббат жазушыны осындай абы-
ройға белеген. М.Әуезовтің кітап дүкендерін тұрақты аралап,
жаңа кітаптармен танысып отыру көнігі әдеті болған. Оны
Константин Алтайскийдің «Встречаясь с Ауэзовым...» деген
естелігіндегі: «...могучий интеллект Ауэзова, многогранность
его самобытного таланта, широта интересов, исключительная
трудоспособность – все то в едином сплаве составило незау-
рядную индивидуальность, духовно богатую личность, понять
которую, не обедняя ее в свои суждения, дело нелегкое... Моск-
ву он видит не первый раз, здесь у него немало друзей. Есть
любимые уголки. Книжные магазины он знает наперечет. Зна-
ком с букинистами, и они уважают в нем книголюба», деген
сөзі растайды [19. С. 52-54]. Ол көбіне драматургия, әдебиет,
өнер, мәдениет, шығыстану салаларындағы әлемдік классика-
ларды назардан қалыс қалдырмаған. М.Әуезов шынында да кі-
тапты көп оқыған, оқығанда да аса бір ілтиппен, керек жерін-
де конспектілеп, арнайы белгі соғып, өз ойларын, әсерін сөзben
түйіп, жазып отырған. Оны жазушының сүйекті, жиі қолына
алып отырған кітаптарынан байқауга болады. Тіпті, кітаптары-
на аса ұқыпты жазушы жұбайы Валентина Николаевнаны да
кітаптарына көп жұыта бермей, оларды жөнге келтіруді, өзі ық-
тияттап жинауды жөн санайды екен. «Мениң кітаптарым өсіп,
көбейіп барады», – деп отырады екен Ыстық көлге барғанда
демалыс орнындағы кітапханасына қөnlі толып. М.Әуезовтің
кітаптарына деген бұл сүйіспеншілігі А.С.Пушкиннің үйіне
хат жазғандағы: «Балаларыммен бірге кітаптарым қалай?» –
деген сұрағында сезіледі. А.С.Пушкин өмірінің соңғы сәтінде
қасында болған досы В.А. Жуковскийдің жазған әйгілі хатын-
да: «..когда поэт, привезенный после дуэли домой и положен-
ный в своем кабинете, узнал от доктора Шольца о том, что
жизнь его в опасности, он, обратив глаза на свою библиотеку,
сказал: «Прощайте, друзья!», – деген тарихи дерек бар [20. Б.

9]. Олай болса А.Пушкин мен М.Әуезов сынды сирек дарын иелерінің өмірдегі жалғыз досы да рухани серігі де – кітап болатыны белгілі. Бұл ойды Елубай Өмірзаковтың «Есімдегілер» атты естелігі быттайша толықтырады: «...соңау Карл Маркс көшесіндегі үйді 1928 жылы театрға дауласып жүріп алдық. Кейін Мұхтар Әуезов бізге әдеби бөлім бастығы болып келді. Коллектив құшақ жайып қарсы алды. Келе «Қызыл бұрышқа» бөлме сұрады. Ұзындығы 12 метр, кеңдігі 7 метр жарларын, сөрелерін толтырып, театр өнерінің тарихы, теориясы, методологиясы, жанрлары мен белгілі қайраткерлерінің шеберлігі, орыс совет театрындағы әрбір әйгілі әртистердің орындаушылық ерекшеліктері туралы кітаптарды том-томдан толтырды-ай келіп. Мұхаң қелсе болды, құллі театр үймелесіп, сол кісінің жанына жиналады.

– Репетициялардан қалмаңдар, үзіліс кезінде келіндер, барындар, – деп бізді әзер шығарып салатын. Қолымыз бос кезінде Мәскеу, Ленинград театрларында не болып жатқанын, бұрынғы дәстүр, жаңа ағымдар жайында, Станиславский жүйесін, Немирович-Данченко, Собинов, Шаляпин шеберлігінің сырларын Мұхаң ұзақ әңгімелейтін, әрқайсымыздың бойымыздығы кемшіліктерімізді режиссерден де бетер, жеріне жеткізіп ашып, сәл де болса тапқан жаңалығымызға балаша қуанып, соны гүл өсірген бағандай мәпелеуге жалықпайтын.

Амал не, Мұхаңның жинаған сол бір ете сирек кездесетін ғала-мат кітапханасы соғыс кезінде ұстағанның қолында, тістегенің аузында кетті...» [21. 138-139 бб]. Міне бұл дерек те жазушының үнемі ізденісте жүретінін, қай салада да энциклопедиялық білімі бар екендігін айғақтайды. Және кітапхана қойма не сәндік үшін емес үнемі қозғалыста болатын интеллектуалдық құрал, әдеби пікірталас, мәдени диалогтар орталығы болуы керектігін әлгіндегі зиялы ісімен дәлелдеп отырған.

Кеменгерліктің кені кітап екендігін дәйектейтін тағы бір дерек Сырбай Мәуленовтің «Ыстық жүрек, нұрлы ақыл» де-ген естелігінде баяндалады. Т.Әлімқұлов екеуінің Мұхаңның үйіне барғанындағы әнгіме әсері қай оқырманды да қайран қалдырары хақ: «...Француз, ағылшын, неміс, испан поэзияларының өлеңдік формаларын, метрикалық құрылыштарын, лексикалық жүйелерін, көркемдік құралдарының арсеналын ағытты...» [22. Б. 168]. Мөлтек мәтіндегі мәлімет бір ғалымның ғұмырлық із-

денісін танытатын ғибрат емес пе? Бір кісі бойындағы терең білімдарлықтың, даналықтың дәні сөз жоқ кітапхана қорындағы мұраларды сарыла оқуында болса керек [22. Б. 168].

Ұлы жазушының ордалы ойына, әмбебап білімдарлығына, жанкешті еңбекқорлығына тәнті болған замандасы, сырлас каламдасы Константин Алтайскийдің естелігі де оқырманын ойландырмай қоймайды: «...Молодым писателям непременно надо показывать рукописи Аузова или хотя бы фотокопии их. Испещренные поправками и сокращениями, хранящие зрывые следы взыскательности художника, рукописи эти красноречивее слов скажут, каким тружеником был Аузов. Вся жизнь его была непрерывным, упорным, никогда не прекращающимся трудом... И снова мне пришлось удивиться. Аузов заговорил о Маяковском, да так, что то сделало бы честь русскому литераторуovedу. Позднее я узнал, что Аузов был усердным и внимательным читателем русской советской прозы. Он знал не только труды Горького и Гладкова, Фадеева и Федина, Шолохова и Шагинян, Серафимовича и Соболева, Пришвина и Павленко, но даже прозу таких молодых, как Леонид Соловьев и Сергей Колдунов. Это не могло не удивлять. Ведь, кроме русской и западной литературы, Аузов знал книги братских народов: киргизского, узбекского, каракалпакского, туркменского. Мне удалось видеть Мухтара Аузова, склонившегося над раскрытоей книгой. Читая, он забывал обо всем. Чтение было для него таким естественным и органически необходимым, как дыхание. Если бы я владел кистью, я изобразил бы его на фоне шкафов с книгой в руках. То самое естественное и самое характерное положение Аузова-книголюба, знатока и создателя книг» [23. С. 56].

Адам интеллектілігінің (зеректігінің) тарихындағы санаулының санатындағы саңтақ суреткер, оқымысты М.Әуезовтің көсемсөздерін, әлемдік руханият кеңістігінде еркін көсліген көркем баяндамаларын дүние жүзіне танымал небір ғұлама ғалымдар тыңдал, мойындаған. Оған Мұхтар Әуезовтің Америкаға, Үндістанға, Жапонияға барған сапарларында бүкіл кеңестер Одағы атынан сөйлеген сөздері, 1958 жылғы Ташкенттегі Азия мен Африка елдері Жазушыларының 1-конференциясындағы баяндамалары дөлел бола алады. Оны Олесь Гончардың «Яркий талант» деген естелігіндегі мына ойлар растайды: «..Человек мыслящий – о нем это можно было с уверенностью

сказать...Эту склонность писателя сразу подметили бойкие американские репортеры. Любители давать прозвища, они с первого дня нарекли Аузэзова: философ, мудрец Востока!» [24].

Мұхтар Әуезовтің озық ойлы білімдарлығы оның жеке кітапханасындағы кітаптарға түсken белгілерден де көрінеді. Соншама мол мұраны ақтарып, мүкіндігінше оқып, ой тую, жадында сақтап дәрістерінде, шығармаларында пайдалану нағыз еңбекқор жанның жүйелі ой еңбегін танытады.

Талант табиғатындағы осынау жанкешті еңбекқорлықтың, терең білімдарлықтың үздік үлгісін кешегі кеңестік кезеңнің көсемі атанған В.И.Лениннің тәжірибесімен салыстыруға болады. В.И. Ленин өзінің толық шығармалар жинағын жазарда 12153 еңбек, оның ішіндегі 22-тілдегі – 4248 кітап қараған екен. Оған кітаптар, мақалалар, газеттегі ақпараттар, документтерді, түрлі тарихи деректер мен құжаттарды қоссаныз не деген еңбекқорлық, ізденіс, табандылық деп таңданбасыңызға болмайды. В.И.Лениннің кітап оқу мен онымен жұмыс істей барысындағы ерекшелігін зерттеген В.В.Горбунов:

